

Кімге: Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрілігіне
Аты-жөні, лауазымы: Болат Асқарбек Әлібекұлы – Кербұлақ ауданы Жолман ауылдық округі әкімі аппаратының салық жөніндегі бас маманы.
Күні: 14.10.2024 ж

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Жасөспірімдердің ұялы телефонға деген тәуелділігі
Кілт сөздер: Жасөспірім, ғаламтор, интернет желісі, смартфонға тәуелділік, жас ұрпақ тәрбиесі.

Кіріспе. Қазіргі таңда жас ұрпақтың ұялы телефонға деген тәуелділігі, өз кезегінде баланың ойлау және есте сақтау қабілетінің нашарлауына, психологиялық тұрғыда да, сондай-ақ логикалық дамуына кері әсерін тигізеді. Баланың сыртқы ортамен байланысының және отбасыда ата-анамен қарым-қатынастың азайуы салдарынан көптеген жас өспірімдердің деградацияға ұшырауына, тіпті өз-өзіне қол жұмсауына дейін әкеліп жатқандығын білеміз.

Осы негізде бұл жобаның басты мақсаты смартфондарға деген тәуелділіктен туындайтын жастар арасындағы күрделі мәселелердің алдын алу және оң шешімдерін табу болмақ.

Негізгі бөлім. Қазіргі дамыған заман талаптарына сәйкес адамзат баласының тұмыс тіршілігі, жұмысы, жүріп тұрысында смартфонсыз елестету мүмкін емес. Бүгінгі күні еңбектеген бала да, еңкейген қарт та қолданатын ұялы телефон өмірімізді күрт өзгертті. Қажеттіліктен гөрі қызығы бітпей тұр. Бәрінен де ел болашағы болар жасөспірімдер арасында телефонға тәуелділік артып отыр.

Статистика мәліметтеріне сүйенсек әлемде жыл сайын 5 миллион бала смартфонның кесірінен көз жұмады.

Әлемде осыншама бала телефонға телміріп, көп қозғалмаудың салдарынан көз жұмады екен. Мұндай жаға ұстатарлық статистиканы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жариялады. Оның дерегінше, жеткіншектердің 80 пайызы өмірін смартфонсыз елестете алмайды..

Смартфонның зияны туралы еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін бәрі біледі. Көз жанарын құртады, жүрек пен мидың қызметін бұзады, тіпті обыр ауруына дейін шалдықтырады. Енді аустралиялық ғалымдар да жоғарыдағы тізімді толықтыра түсті. Телефонды көп ұстаған жанның басында 3 сантиметрге дейін қосымша тағы бір сүйек пайда болады, дейді, деп хабарлайды stan.kz ақпарат көзі.[1]

Бұл күнде Қазақстандағы әрбір бесінші баланың үшеуі ұялы телефонға барлық уақытын арнайды екен. Әлем елдерін жайлаған бұл дертпен күрес басталғалы қашан. Зерттеушілер алдағы жылдарда қоғамдық сауатсыздық пен түрлі ауруларға душар боламыз деп дабыл қағуда. Көптеген жастардың ата-аналары да бұл үрдістің әсерінен

қауіптенуі заңды. Көбіне 10-18 жастағы жасөспірімдер мұндай тәуелділікке тап болады. Ал бұл жасөспірімдердің негізгі әлеуметтендіру, оның психика мен дүниетанымын қалыптастыру кезеңі.

Статистикаға жүгінсек, жастардың 69,2 пайызы әлеуметтік желіні күнделікті, 26,7 пайызы аптасына бір рет және 4,1 пайызы айына бір рет тексереді. Бұл деректер ата-аналарды мазалап қана қоймай, психолог дәрігерлердің, мұғалімдердің назарын өзіне аударғанын айтпасақ та болады. Себебі кез келген технология жастардың қоғамдық, психологиялық дамуына әсер етеді.

Ұялы телефонға тынымсыз телміру адамның физикалық денсаулығына да ықпалын тигізеді. Мысалы, 15 жасар жасөспірім күніне 4 сағат экран алдында отырса, физикалық күшке тек шамамен 1 сағат қана уақыт бөлінетін көрінеді. Алматы қаласындағы №27 жалпы орта мектеп оқушыларынан алынған сауалнама айтқанымыз бен айтпағымызға біраз дәлел болмақ. Мектеп оқушыларының 88 пайызы ұялы телефонды қолданса, 18 пайызында әзірге телефон жоқ болып шыққан. Телефон жаппай қолданысқа ене бастаған тұста әр үйде бірлі-жарым ғана ұялы телефон болатын. Қолжетімділік артқаннан кейін баласының амандығын, хабарын біліп отырғысы келген ата-ана тіпті бақшаға баратын баланың қолына жеке телефон ұстатты. Бұл ретте цифрлық қауіпсіздік тіптен ескеріліп жатқан жоқ. Қауіпсіздік шараларын күшейту үшін, денсаулықтың бұзылуы мен психологияның дамуын бәсеңдетпес үшін мамандар балаға мектеп бітіргенше смартфондар емес, жәй қалта телефонын алып беруді ұсынады. Сауалнама қорытындысы бойынша 73,7 пайыз бүлдіршін телефонның зиянды екенінен аздап болсын хабардар, ал қалған 26,3 пайыз оқушы телефон зиянды дегенді мүлдем естіп те көрмейті. Оның 48 пайызы ұялы телефонды шалбарының қалтасында ұстаса, 21 пайызы сөмкелерінде сақтайды. Тағы 6 пайызы арнайы қораптарға салса, 2 пайызы кәстем қалтасында ұстайтыны анықталған. Қалған 23 пайыз түрлі жерлерде ұстайды. Радиацияның қауіптілігін былай қойғанда, кез келген уақытта құрылғыдан ақау шығып, жарылып кететінін көбі ескермейді. Тағы бір айта кетерлігі, сауалнамаға жауап бергендердің 79 пайызы денсаулығында орын алып жатқан кері өзгерістерді байқай қоймаған, сәйкесінше басы жиі ауыратын оқушылар 9 пайызға жуықтаса, 6 пайыз оқушының назар аудару, есте сақтау қабілеті төмендеген. Ал қалған 6 пайызында көру мен есту қабілеті нашарлапты. Әлем зерттеушілері 10 жыл бойы күніне жарты сағат телефонмен сөйлескен жанның глиома атты дертке шалдығу қаупі 40 пайызға артады десе, эпилепсия, жүйке аурулары, ақ қан сынды дерттердің асқынуын тікелей телефонмен байланыстырады. Жасына жетпей көру қабілеті нашарлап жатқан жасөспірімдердің саны соңғы он жылда күрт көбейген.[2]

Салдарынан баланың дамуы кешеуілдеп, тілі шықпай, ойлау қабілеті қатарластарынан қалып қойып жатады.

Неврологтар: «Бұл үрдіс үлкен қауіпке әкеледі» деп дабыл қағады. «Себебі есірткі ересектерге қалай кері әсер етсе, ұялы телефон балаға салыстырмалы тұрғыда дәл солай зиянын тигізеді», - дейді психологтар.

Ираида Габилова – білікті невролог. Ол тәулігіне 20 жуық бала қарайды. «Соңғы уақытта пациенттерінің гаджеттерге деген тәуелділігі үрей тудырады. Оған ата-ана кінәлі», - дейді.

Ираида Бабаева, балалар неврологы: - Қазірдің өзінде маған ұялы телефонға тәуелді балаларын алып келетін ата-аналар бар. Баласы сау болғанымен, ақыл-есі толысаған сияқты боп көрінеді. Тіпті 3-4 жаста атын атап шақырсаң, қарамайды. Бұл бірінші кезекте алаңдайтын жәйт. Негізі 3 жасқа дейін бала 1 минутта телефон қарамауы керек. Ал бізде 3 айынан бастап беріп қояды. Кейін күні бойы қолынан гаджет түспейді. Мектеп оқушыларының өзі тәулігіне 1,5 сағаттан артық қарамауы керек.

Ұялы телефоннан мейлінше бас тартуды ұстаздар да қолдайды. Себебі өскелең ұрпақтың есте сақтау қабілеті нашар. Бүгін жаттағанды ертең ұмытып қалады. Оның үстіне білім құғандар ұялы телефонға сеніп, командада жұмыс істеу, ұйымдастыру қабілетінен айырылып жатыр.[3]

Қорытынды. Заман дамыған сайын адам баласының смартфонға тәуелділігі арта түсетіні сөзсіз. Қазіргі күннің өзінде көптеген тұрмыстағы заттардың орынын жалғыз смартфон алмастырып отырғандығын байқауға болады.

Мысалы: Кезінде адамдар қандайда бір есеп шешімін табу үшін калькулятор құрылғысын ойлап тапты, қазірде оның орнынын смартфон басты. Осы секілді әмиян, карта, компас, сөздік, сызғыш немесе қолшамның орнына телефон қолданамыз. Тіпті қазіргі 11 сыныпта оқыйтын жастар қабырға сағатының тілшігі нешені көрсетіп тұрғандығын айта алмайды. Смартфондардың дамуы адам өмірін жеңілдеткенімен, адам баласының ойлануы мен қыймыл қозғалысын азайтады. Ал бұл өз кезегінде ерте қартаю мен ауруға шалдығуға әкеліп соқтырады.

Ұсынымдар: Бұл мәселені шешу жолында балаларды ұялы телефондарды қолданудан толықтай бас тартқыза алмайтындығымыз айдан анық. Осы үшін смартфондарды қажеттілік жағдайында ғана орынды қолдану туралы әр отбасында ата-ананың балаға тәрбие беруінен бастау керек. Әр ата-ана өз баласының қалай тәрбие алып, қандай ортада қалыптасып дамып келе жатқандығына көңіл бөлуі керек. Баланың қызығушылығына және қалауына қарай спорт немесе өнер үйірмесіне қатыстыру керек.

Осы мәселені шешу үшін ауылдық елді мекендердегі мектептерге балалардың қызығушылығы бойынша үйірмелер ашу қажет деп ойлаймын. Қазіргі таңда көптеген ауылдық елді мекендерде жас өспірімдер қатысатын үйірмелер бірен сараң.

Мектеп кезеңінде де мұғалімдер тарапынан оқушылардың ұялы телефон қолдануына қойылатын талаптар болуы керек. Оқушылардан ақпаратты тек интернет желісінен алып қана қоймай, кітаптан оқып немесе газет журналдардан ізденуге бейімдеу керек. Бұл өз кезегінде балалардың ой-өрісінің кеңейуіне, ойлау қабілетінің дамуына, есте сақтау қабілетінің артуына тигізетін үлсесі зор. Сондай-ақ бұл баланың сөздік қорының ұлғайуына, өз ойын анық және нақты жеткізуіне септігін тигізеді.

Сырқы ортамен үнемі қарым-қатынастағы, өзіндік қызығушылығы бар, спортқа және өнер-білімге құштар, рухани жағынан жақсы дамып жетілген жас өспірімдер болашақта елімізді биік белестерге көтеретін азамат болып өсетіндігіне сенімдімін.

Пайдаланылған дереккөздер:

1. «**islam.kz**» ақпараттық сайты:<https://islam.kz/kk/news/arturli/statistika-alemde-jyl-saiyn-5-million-bala-smartfonnyn-kesirinen-koz-jumady-12083/#gsc.tab=0>
2. Түркістан газетінің **turkystan.kz** арнайы ақпараттық сайты <https://turkystan.kz/article/68781-telefon-a-telmirgender>
3. «**24.kz**» ақпараттық сайты:<https://24.kz/kz/zha-aly-tar/kogam/item/629231-b-ldirshinder-arasynda-smartfon-a-degen-t-uedilik-k-bejdi>